

«БЕКІТІЛДІ»
 ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу
 орталығы» РМҚК директоры
 Р. Емелбаев
 « _____ » _____ 2022 ж.



Қоғамдық-гуманитарлық бағыты
«Тәрбие қызметінің теориясы мен практикасы» пәні бойынша
оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру
бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған
тест спецификациясы
 (2023 жылдан бастап қолдану үшін)

1. Тест мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

2. Тест міндеті: Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

В001-Педагогика және психология

В003-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

В019-Әлеуметтік педагогтарды даярлау

3. Тест мазмұны:

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Тәрбие жұмысының бағыттары.	01	Тәрбие туралы түсінік. Тәрбие мақсаты мен міндеттері, ерекшеліктері. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. Тәрбие жұмысының бағыттары.	01.01.Тәрбиенің қоғамдық ролі туралы түсіндіру 01.02.Тәрбие теориясы пәні мақсат міндеттері, негізгі ұғымдарын зерттеу, талдау 01.03.Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін және тәрбие жұмысының негізгі бағыттарын зерттеу, өзара байланысын сипаттау
02	Тәрбие әдістері, формалары, сынып жетекшісінің іс-әрекеті.	02	Тәрбие әдістері, формалары.	02.01 Тәрбие жұмысының зерттеу әдістерін, формаларын талдау, ұйымдастыру жолдарын анықтау
		03	Ұжым, дамуы.	03.01.«Ұжым» ұғымына анықтамасын, ұжым белгілерін, ұжым дамуының сатыларын түсіндіру. 03.02.Балалар ұжымы және оның даму кезеңдеріне салыстырмалы талдау

		04	Сынып жетекшісі, міндеттері, қызметі. Тәрбие жұмысын жоспарлау.	04.01.Сынып жұмысын ұйымдастыруда сынып жетекшісінің ролі мен міндеттері, қызметін талдау, түсіндіру. 04.02.Тәрбие жұмысын жоспарлаудың әдістемесіне сипаттама
03	Тәрбие әдістерінің жіктелуі	05	Ғылым зерттеушілердің еңбектеріндегі тәрбие әдістерінің топтастырылуы	05.01.Тәрбие әдісінің өзіне тән белгісіне, ерекшелігіне, сай міндетін анықтау. 05.02.Тәрбие әдістерін классификациялауда ғалымдардың көзқарастарын талдау, салыстыру, сипаттау
04	Оқушылардың ұжымдық шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру әдістері.	06	Оқушылардың ұжымдық шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру әдістері. Қоғамдық ұйымдар.	06.01.Оқушылардың ұжымдық шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру әдістерін сипаттау. 06.02.Қоғамдық ұйымдардың тәрбиелік мәні, ролін зерттеу.
		07	Сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру.	07.01.Сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру жолдарын, формаларын анықтау, сипаттау.
05	Сынып сағаттарын жоспарлау және өткізу	08	Сынып сағаты, оны жоспарлау және өткізу.Сынып сағатын ұйымдастыруда жаңа педагогикалық технологияларды қолдану.	08.01.Сынып сағаты, оны жоспарлау және өткізу әдістемесін түсіндіру. 08.02.Сынып сағатын ұйымдастыруда жаңа педагогикалық технологияларды қолданудың тиімді жолдарын анықтау, сипаттау
06	Отбасымен жүргізілетін жұмыс түрлері.	09	Отбасының бала тәрбиесіндегі ролі. Отбасымен жүргізілетін жұмыс түрлері.	09.01.Отбасының бала тәрбиесіндегі ролін зерттеу. Отбасымен жүргізілетін жұмыс түрлері мен формаларын салыстыру, талдау.
07	Білім алушыларға ұлттық тәрбие берудегі халықтық педагогика.	10	Оқушыларды тәрбиелеудегі халықтық тәрбие. Халықтың ауызекі поэтикалық шығармашылығы.	10.01.Оқушыларды тәрбиелеудегі халықтық педагогиканың маңызын түсіндіру. Халықтың ауызекі поэтикалық шығармаларын зерттеу, қолдану

4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Тәрбие қызметінің теориясы мен практикасы» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары

- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят (контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формасы: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. Құрманалина Ш., Мұқанова Б., Педагогика – Астана, 2014 ж 3 басылым

2. Есқалиева С., Тәрбие жұмысының теориясы және ұйымдастыру әдістемесі – Астана, 2014 ж

3. Әбенбаев С., Ахметова Г. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі - Астана, 2017 ж.



(қолы)

А.Ж.Кайрлиева
(Т.А.Ә)

« 2022 ж.

Құрманалина

Мұқанова

Есқалиева

Әбенбаев